



ҚАРА ЖҰМЫСТЫ
КІМ ІСТЕП ЖҰР?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҰЛЫ АҚЫН ЖӘДІГЕР
ТАПСЫРҒАН

6-БЕТ | АБАЙ – 180



ЖАҒАНДЫҚ
ЖАНТАЛАС

7-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық меже. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі.

№71
(4815)
Бейсенбі
19 маусым
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНА МЕН БАТЫСТЫ ЖАЛҒАЙДЫ

Елордада өткен «Қытай – Орталық Азия» екінші индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық форумында Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қытайдың CITIC Group корпорациясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Көлік министрлігі таратқан ресми мәлімет бойынша, бұл құжаттың басты мақсаты – Астананы елдің батыс өңірлерімен байланыстыратын стратегиялық маңызы бар «Орталық – Батыс» жобасын бірлесіп жүзеге асыру. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес басталған бұл жоба өңірлер арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты нығайтып, еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға және Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамытуға бағытталған» делінген хабарламада.

САН ҚЫРЛЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АЛАҢЫ

Астанада екінші «Орталық Азия – Қытай» саммиті өтті. Алқалы жиынға қатысуға ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен қоса Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан президенттері келді. Саммитті ашқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасына және бауырлас, көрші елдер басшыларына ілтипат білдірді. Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты.

АЛҒАШҚЫ АУЫСЫМ АЯҚТАЛДЫ

Астана қаласында балалардың жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы ұйымдастыру мақсатында ашылған мектеп жанындағы лагерьлердің бірінші ауысымы өз жұмысын сәтті аяқтады.

Бірінші маусымда 69 544 оқушы түрлі бағыттағы танымдық бағдарламалармен қамтылып, қызықты әрі пайдалы демалыс өткізді. Балалар этнолагерь «Атамекен», IT бағыты бойынша «Digital Generation», достық пен бірлікке үндейтін «Досболайық», экологиялық бағыттағы

«Жасыл әлем», танымдық саяхаттармен ерекшеленетін «Жас саяхатшы», кітап оқуға құштарлықты арттыратын «КітапLIKE» және кәсіптік бағдарлауға бағытталған «Профвест» секілді арнайы лагерьлерде тәрбиелік және дамытушылық мәні зор іс-шараларға белсенді қатысты.



«ОТБАСЫ КӨМЕК» БАСТАУ АЛДЫ

Астана қаласының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Лейла Зинашева Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Отбасы көмек» әлеуметтік-цифрлық жобасының қыр-сыры туралы айтты.

Спикердің айтуынша, «Отбасы көмек» – бұл азаматтарға неке-отбасы қатынастары саласында, отбасылық жанжалдарды шешу және балалардың құқықтарын қорғау бойынша жедел көмек көрсететін мобильді веб-платформа.

– Жоба аясында мынандай қызмет түрлері ұсынылады: заңгерлік кеңес беру, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, отбасыларға жағдайға байланысты кеңес беру, сот ұсынған медиаторлар, психологтар, сарапшылар және басқа да мамандар арқылы жанжалды жағдайлардан шығу бойынша ұсыныстар. Жобаның басты мақсаты – отбасылық дағдарыстарды шешуде кәсіби көмектің қолжетімділігін арттыру, – дейді Лейла Зинашева.



ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: ЖАҢА «АЛТЫН КЕЗЕҢГЕ» ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ

Басылымның сейсенбілік санында («Орталық Азия - Қытай» саммиті өтеді, №70, 17 маусым, 2025 жыл) Астанаға ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинь арнайы сапармен келгенін жазған едік. Ал 17 маусымда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді қарсы алып, келіссөз жүргізді.

МЫЗҒЫМАС СЕНІМНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысының айтуынша, ҚХР Төрағасы қазақ жерінде қай кезде де қадірлі қонақ саналған, ал оның бұл жолғы сапары – шынайы әрі мызғымас достығымыздың айқын көрінісі.

«Қытай Халық Республикасы – Қазақстанның тату көршісі, жақын досы және сенімді серіктесі. Сан қырлы қазақ-қытай ықпалдастығы Сіздің жеке қолдауыңызбен мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында және бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мұны ерекше ықыласпен атап өткім келеді. Ортақ тарихымызға мұқият үнілсек, елдеріміздің арасында ешқандай түйткілдер немесе тосқауылдар болмаған. Тек қана өзара достық пен ықпалдастық, түсіністік пен жылы лебіздер басым болды. Қытай халқы қазақ халқына ешқандай зиян келтірген жоқ» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екіжақты қарым-қатынас жылдан жылға нығайып, жаңа «алтын кезеңге» қадам басқанын мәлімдеді. Достық байланыс екі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтардың әл-ауқатын жақсартуға зор септігін тигізіп жатқанына назар аударды.

ТӨРАҒАҒА ТОЛАЙЫМ ТАБЫС ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасының елімізге сапары оның туған күнімен тұспа-тұс келіп отырғанына ерекше мән беріп, Си Цзиньпинге зор денсаулық, бақ-береке, жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

«Сізді Қазақстанда аса көрнекті мемлекет қайраткері, халықаралық қоғамдастық алдында зор абырой-беделге ие көреген көшбасшы деп біледі. Еліңіздің қарқынды дамуы Өзіңізбен тікелей байланысты. Сіздің сарабал саясатыңыздың арқасында Қытай Халық Республикасы әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісінде ерен жетістікке жететініне сенімдімін. Біз жаңа тарихи кезеңде өзіне тән ерекшелігі бар социализм негізін қалап жатқан Қытай халқының мол табыстарына шың қуанамыз. Сіздің маған және барша Қазақстан халқына деген құрметіңізді жоғары бағалаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БЕЙБІТШІЛІК БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев

Қытайды Қазақстанның тату көршісі және уақыт тезінен өткен сенімді стратегиялық серіктесі деп атады. Мемлекет басшысының айтуынша, екі елдің қарым-қатынасы тұрақты сипатқа ие әрі оған геосаяси сын-қатерлер мен дүрбелеңдер, сондай-ақ халықаралық ахуал теріс әсер етпейді.

«Қытай Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығында қандай да бір саяси шарт қоймаған. Біздің егемендігіміз бен қауіпсіздігімізге көрсеткен қолдауыңызды бағалаймыз. Қытайдың бейбітшілік бастамаларын қолдаймыз. Еліңіздің әділ әлемдік тәртіп орнату әрекеттерін қуаттаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің БҰҰ, ШЫҰ, АӨСПК секілді халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында, сондай-ақ БРИКС + және «Орталық Азия – Қытай» форматында жоғары деңгейдегі ықпалдастық орнатқанын атап өтті.

ЕҢ ІРІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы ҚХР-дың Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесі екенін еске салды. Былтырғы қорытынды бойынша екіжақты сауда-саттық көлемі 44 миллиард долларға жеткен. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сонымен қатар Президент мәдени-гуманитарлық саладағы елеулі жетістіктерге тоқталды. Атап айтқанда, елімізде мәдениет орталықтары, Лу Бань шеберханалары, Қытай жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық орталықтарының филиалдары ашылды. Қазақстан Конфуций орталықтарына қолдау көрсетеді. 2025 жыл «Қазақстандағы Қытай туризмінің жылы» болып жарияланды. Бұл екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуге, өзара сенімді нығайтуға септігін тигізеді.

АЭС ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасы саласына арнайы тоқталды.

«Біз Қазақстанда бірнеше, тым болмағанда екі-үш АЭС салу туралы шешім қабылдадық. Осы маңызды жобаға ірі компанияларды тартуға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі құрылды. АЭС құрылысы бойынша Қытайдың CNNC компаниясын сенімді стратегиялық серіктес ретінде қарастырып отырғанымызды ерекше атап өткім келеді.

Әлемге әйгілі компания біздің нарықта өз орнын табатыны анық. Сонымен қатар Қазақстан Қытайға табиғи уран мен ядролық отын жеткізіп отырған сенімді ел» деді Президент.

ЕКІ ЕЛ ДОСТЫҒЫН НЫҒАЙТУҒА ӘЗІРМІН!

Си Цзиньпин қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Президентке ризашылығын білдірді. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан ұлттық жаңғыру жолына түскенін, ел дамуында тың табыстарға қол жеткізіп келе жатқанын атап өтті.

«Тату көрші әрі стратегиялық серіктес ретінде біз Сіздердің жетістіктеріңізге тәнтіміз. Сіздер үшін қуаныштымыз. Қытай мен Қазақстанның қарым-қатынасы құбылмалы әлемнің сынына төтеп беріп, қарқынды дамып келеді. Бұл – тек географиялық тұрғыдан жақындықтың, ғасырларға ұласқан достықтың арқасы ғана емес, елдеріміздің өркендеу жолындағы табиғи сұранысы. Соңғы жылдары бірлескен күш-жігердің нәтижесінде тағдыры ортақ Қытай мен Қазақстан арасындағы ықпалдастық жаңа мән-мазмұнмен толығып жатыр. Бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобалардың жүзеге асырылуы қос халыққа айтарлықтай пайда әкелді. Мен Өзіңізбен тізе қосып, Қытай-Қазақстан достығын нығайтуға, өңірдің және жалпы әлемнің дамуына елеулі үлес қосу үшін екі елдің сан қырлы ынтымақтастығын одан әрі ілгерілетуге әзірмін» деді ҚХР Төрағасы.

Келіссөз барысында екі ел ынтымақтастығының барлық бағыт бойынша перспективасы талқыланды. Байырғы достық пен өзара құрметке арқа сүйеген екі ел басшылары емен-жарқын әңгімелесті.

24 ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин жүргізген келіссөз нәтижесінде 24 үкіметаралық және ведомстволық құжатқа қол қойылды.

Екі ел делегациясының мүшелері энергетика, аэроғарыш, цифрландыру, кеден, ауыл шаруашылығы, электронды сауда, туризм, зияткерлік меншік, медицина, медиа, ғылым, өңіраралық байланыс салаларындағы ынтымақтастықты қамтитын құжаттармен алмасты. Олардың ішінде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау, техникалық-экономикалық ынтымақтастықты туралы үкіметаралық келісімдер бар.

1500 КИІК СЫЙЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай үкіметіне 1,5 мың киік берілетінін мәлімдеді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайда киік популяциясын қалпына келтіру мақсатында оларды Қытайдың батыс бөлігіне қоныстандыру үшін 1 500 киікті сыйға беру туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді» деп жазылған хабарламада.

ҚХР төрағасы Си Цзиньпин бұл шешім үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысын білдірді. Себебі Қытай киік популяциясын қайта қалпына келтіруді жоспарлап отыр. Қазақстанның Экология және табиғи ресурстар министрлігі бүгін осындай тапсырма түскенін және мәселені пысықтап жатқанын жеткізді.

Елімізде киік санын реттеу іс-шаралары биыл күзде басталуы мүмкін екені айтылған. Алайда түз тағыларының санын реттеуге, аулауға қатысты ғалымдардың биологиялық негіздемесі әлі дайын емес. Дәл осы құжатқа сәйкес, киіктің белгілі бір санын аулау мәселесі көтерілді. Сондай-ақ аңшыларға тек аналық киікті атуға рұқсат бекітілуі мүмкін.




ЖЕР СІЛКІНІСІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРАДЫ

Төтенше жағдайлар министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі және Қытайдың Жер сілкіністері жөніндегі басқармасы арасында сейсмикалық қауіпсіздік саласындағы үшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«Аталған орталық жер сілкіністері туралы ерте ескерту жүйелерін интеграциялау, сейсмология ғылымы мен технологияларын дамыту, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасында сейсмикалық ақпаратпен нақты уақыт режимінде алмасу бағытында

жұмыс істейді. Бұл ынтымақтастық ықтимал табиғи апаттардың салдарын азайтуға мүмкіндік беріп, азаматтарды дер кезінде және нақты түрде хабардар етуді қамтамасыз етеді» делінген Төтенше жағдайлар министрлігі таратқан ресми ақпаратта.



ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫ БІРЛЕСІП ДАМЫТАДЫ

«Орталық Азия – Қытай» екінші саммиті аясында Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі арасында электрондық сауда саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

Меморандум екі ел арасындағы электрондық сауданың дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Ынтымақтастықтың басым бағыттарының қатарында: мемлекеттік реттеу мәселелері, тәжірибе алмасу, бірлескен зерттеулер жүргізу, логистиканы дамыту, инвестициялар тарту, сондай-ақ ұлттық және елдік

павильондар ашу бар. Құжатта электрондық сауда саласындағы өзара сенімге негізделген өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, Меморандум екі тараптың да екіжақты өзара іс-қимылды кеңейтуге ұмтылысын көрсетеді.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЫҚПАЛДАСТЫҚ
АРТА ТҮСТІ

«Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік мемлекет қайраткері, Достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді» деді Президент.

26 МЛРД АҚШ
ДОЛЛАРЫН «ҚҰЙҒАН» ЕЛ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

«Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық меже. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам

САН ҚЫРЛЫ
ЫҚПАЛДАСТЫҚ АЛАҢЫ

қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді» деді Президент.

БІЗ АЙНЫМАЙТЫН
САЯСАТТЫҢ БАҒЫТЫ

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады. «Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр.

си ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

«Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлық-

гетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

«Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы

пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сепаратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарақ саудасымен, рұқсатсыз көші-қонмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберқылмыстың өршуі айрықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жаңа технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технологиялық компанияларының қатысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

АСТАНА
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНА
ҚОЛ ҚОЙДЫ

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санайды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия – Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

Екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі. Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінің Астана декларациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.

Келесі «Орталық Азия – Қытай» саммиті 2027 жылы ҚХР-да өтеді.



Әсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялармен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖҮК ТЕРМИНАЛЫН
БІРІГІП САЛАМЫЗ

Президент қазіргідей геосая-

аралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі айлақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз» деді Мемлекет басшысы.

ЯДРОЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКА
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Қасым-Жомарт Тоқаев энер-

бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге қол қоюға дайындаламыз» деді Президент.

ОРНЫҚТЫ
ҚАУІПСІЗДІК МЕКЕНІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл теңқұқылы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ
РУХЫ ЖАҢҒЫРДЫ

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашылуы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

«Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың бірқатар өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнағанын қуаттады.



АСТАНА ҚАЛАЙ АБАТТАНАДЫ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында елорданың қай көшелерінде абаттандыру жұмысы жүргізілетіні туралы жазды. Оның айтуынша, елорданы «Адамдарға арналған қала» тұжырымдамасы аясында дамыту жұмыстары жалғасып келеді. Биыл қалада 170 аула мен қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылады. Олардың бір бөлігі ашылып үлгерді.

Әкім абаттандыру барысында қаланы көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді.

– Биыл да бір миллионнан астам жасыл желек (ірі ағаштар, көшеттер, бұталар және т.б.) отырғызуды жоспарлап отырмыз. Мысалы, ағаштар Момышпұлы, Жұмабаев даңғылдарының, Айнакөл, Төшенов көшелерінің бойына отырғызылды. Тілендиев даңғылында Көктал көшесінен бастап Астрахан тасжолындағы көпірге дейінгі аралықта, Бейбарыс Сұлтан, Нұрмағамбетов көшелерінде және Ұлы дала даңғылында жолақтардың бөлгіш тұсын көгалдандыру жүріп жатыр. Мысалы, Байқоңыр ауданында бос жатқан аумақтың орнына жаңа гүлзар ашылды. Ол Жұбанов көшесінде – Тархан және Пушкин көшелерінің арасындағы аумақты қамтиды. Абаттандыру аясында ауқымды көгалдандыру жүргізіледі: көпжылдық бұталар мен ірі ағаштар отырғызылады. Сонымен қатар, бірыңғай стильде орындықтар, үстелдер, қоқыс жәшіктері секілді көше жиһаздарын орнату жоспарланып

отыр. Бұдан бөлек, автотұрақ алаңын салу да көзделіп отыр, – деді әкім.

Сол сияқты биыл елорданың маңызды тарихи даңғылдарының бірі – Абай даңғылы жаңартылады. Абай даңғылының Республика даңғылынан бастап Уәлиханов көшесіне дейінгі аралығы толықтай екі жағынан абаттандырылады. Абаттандырылатын аумақтың жалпы көлемі 1,1 гектарды құрайды. Бұған қоса, LRT бағыты бойында орналасқан көшелерде абаттандыру, құрылыс және көгалдандыру жұмысы жүріп жатыр. Атап айтқанда, Сығанақ көшесі мен Қабанбай батыр даңғылында 7500 ірі ағаш отырғызылып, эстакада астында жайлы қоғамдық кеңістіктер ашылады.

– Жұмыс «Адамдарға арналған қала» тұжырымдамасына сәйкес, жаяу жүргіншілердің қолайлылығына және сапалы көгалдандыруға баса назар аударатын жүргізіледі. Осылайша, елорданың негізгі көлік магистралдарының бірі саналатын Сығанақ көшесі жай ғана транзиттік жол емес, тұрғындар үшін ыңғайлы әрі қолжетімді

кеңістікке айналады. Қабанбай батыр даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралықта абаттандырылған аймақ ашылады. Сондай-ақ қаланың көгалдандырылған аймақтарын абаттандыру жұмысы жалғасады. Нақтырақ айтқанда, «Хан Шатыр» СОО-ның артында Greenline жаяу жүргіншілер желекжолының жалғасын салу жоспарланып отыр. Оның алғашқы бөлігі Күлтөгіні көшесінен бастап Әнет баба көшесіне дейінгі аралығында орналасып, демалыс пен серуендеуге қолайлы жасыл кеңістік қалыптастырады. Сонымен қатар, Ботаникалық бак, Нұржол желекжолы, Орталық саябақтағы аллея, Көктал саябағы және басқа да орындарда қосымша көгалдандыру жұмысы жүргізіледі. Былтыр Жүргенов көшесін (Қошқарбаев даңғылынан Байтұрсынов көшесіне дейінгі аралығы) абаттандыру жұмысы басталған. Сол кезде 2400 ағаш, 4700 бұта, сондай-ақ жасыл қоршаулар және басқа да өсімдіктер отырғызылған. Биыл бұл көшені абаттандыру жұмысы әрі қарай жалғасады, – деді қала басшысы.

Сонымен бірге Есіл өзені бойындағы саябақ кластерін көгалдандыру және абаттандыру жұмысы жалғасады. Бұл кластерге Бейбітшілік және келісім саябағы, триатлон саябағы, спорттық жағалау және басқа да нысандар кіреді. Абаттандыру және көгалдандыру жұмысы қаладағы барлық ауданды қамтиды.

ҚҰРЫЛЫС ҚОҚЫСЫ КӨБЕЙГЕН

Астана қаласы әкімдігінде қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркеновтің төрағалығымен және елорда құрылысшыларының қатысуымен кеңес өтті. Жиында рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін азайту шаралары талқыланды.

Ресми деректерге сәйкес, елордадағы рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің 90%-дан астамы – құрылыс қалдықтары, олардың 20%-ы – бұзылған ғимараттардан қалған қалдықтар. Тек 2024 жылдың өзінде Астанада осындай 414 үйінді анықталған. Проблеманы шешу үшін 2025 жылдың 13 мамырынан бастап қалалық мәслихат мақұлдаған құрылыс қалдықтарын басқару қағидалары күшіне енді. Пилоттық жоба аясында «Smart Waste» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Бұл жүйе қалдықтардың құрылыс

Жаңа қағидалар аясында құрылыс салушылар мен мердігер ұйымдар жобалық және экологиялық құжаттамаға сәйкес қалдықтардың көлемін есепке алуға, нысандарда арнайы контейнерлер қойылған эко-аймақтар ұйымдастыруға, GPS жабдықталған тіркелген тасымалдаушылармен келісімшарттар жасасуға, әрбір рейсті жүйе арқылы тіркеуге (салмағы, бағыты, полигонға түсіру дерегі); барлық мәліметті тапсыруға міндетті.

Бұдан бөлек, полигонға қалдықтар тек ресми тіркелген нысан



алаңынан бастап полигонға дейін толық цифрлық бақылануын қамтамасыз етеді.

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұловтың мәліметінше, қазіргі уақытта 1000-нан астам рейс жасалып, 14 500 тоннадан астам құрылыс қалдығы шығарылған. Барлық нысанның цифрлық картасы жасалған, бұл қалдықтардың пайда болу көздерін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жазға дейін халыққа ірі көлемді және жөндеу қалдықтарын заңды түрде шығару үшін онлайн-сервисті іске қосу жоспарланып отыр.

дар мен Smart Waste жүйесінде жұмыс істейтін тасымалдаушылардан ғана қабылданады. Қағидаларды бұзған жағдайда құрылысшылар мен тасымалдаушыларға айыппұл салынады.

«Біздің міндетіміз – қалдықтарды басқарумен ғана шектелмей, құрылысшылар мен мердігерлер арасында тұрақты экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Біз барлық кезеңде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз етуіміз керек» деп атап өтті қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов. Барлық қалдық көзі нақты уақыт режимінде бақылауға болатын цифрлық картада тұрақты түрде белгіленіп отырады.

МЕКТЕПТЕГІ ЭТНОЛАГЕРЬ

Елордадағы М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияда «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат» атты іс-шара ұйымдастырылды. Этнолагерьдің ерекшелігі – мұнда оқушылар әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді тереңірек меңгеріп, ұмыт бола бастаған қолөнер бұйымдарымен айналысады.

Жазғы демалыс кезінде мұғалімдер балаларға ұлттық құндылық негізін, оның ішінде құрақ құрау, ши тоқу, жүн түту, ұршықпен жіп иіру және ұлттық тағам түрлерін әзірлеуді үйретеді. Этнолагерьдің алғашқы күнінде оқушылар да ұлттық ойындарда өзара жарысқа түсіп, ғылым мен техникаға бағытталған тәжірибелер жүргізді.

«Атамекен» этнолагерінің жұмысы қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін тереңірек түсінуге бағытталған. Балалар қазақ халқының бай мәдениетімен таныса деген ниетпен мектеп аумағында киіз үй тіктік. Мұғалімдеріміз 12 шеберлік сыныбын өткізді. «Шахмат әлемі» және «Көшпенділер алгебрасы» (тоғызқұмалақ) шеберханаларында балалар интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, ойлау икемділігін арттырады. «Білім BOOST» жылдам оқыту шеберханасына назар аудару, есте сақтау және жылдам оқу қабілеттерін жақсарттады. «Цифрлы болашақ» шеберханасында оқушылар бағдарламалау негіздерімен танысып, алғашқы цифрлы жобаларын жасады. «АРТ-студия», «Әсем өрнек» және «Әсем тас» шеберханаларында шығармашылық



қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Вокал өнеріне қызығатын оқушылар үшін «Жұлдызды жол» және «Көңілді ноталар» шеберханалары ұйымдастырылды. «Этноойындар» шеберханасында мектеп оқушылары ұлттық ойындардың дағдыларын үйренді. «Шыңдал» логопедиялық және дефектологиялық шеберхана

сында сөйлеу мен дұрыс дыбыстауға арналған арнайы жаттығулар өткізілді» деді өз сөзінде мектеп директоры Гүлмира Оразбекова.

Мектеп лагерінің танымдық жұмысына ата-аналар да риза. Солардың бірі жазғы лагерь тәрбиешілеріне рақмет айтып, баласының өткен аптада ойын ойнап, кино мен циркке барғанымен бөлісті. Айтуынша, ұлы лагерьді қатты ұнатады, мұндағы тағамның өте дәмді екенін, алғашқы бес күн ерекше әсер қалдырғанын атап өтті.

«Қызым мұғалімдер ұйымдастырған іс-шараларға үлкен қызығушылықпен қатысады. Лагерь жақсы орта табуға да септеседі. Мұндағы күн тәртібі таңғы жаттығудан басталып, танымдық сабақтармен жалғасады. Сонымен қатар серуенге шығып, садақ атып, шахмат ойнайды. Әсіресе робототехника сабақтарының бағдарламасы ұнады» деді елордалық тұрғын Алтынғүл Шамшаева.

ӘР АҒАШТЫҢ QR КОДЫ БОЛАДЫ

Астана қалалық мәслихатының жоспарлы отырысында елордадағы жолдар мен жасыл желектерді цифрландыру мәселесі қаралды.

2023 жылы Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы және «Қаз-жолҒЗИ» АҚ арасында қала көшелері мен жол жүйесін паспорттау жұмысына келісімшарт жасалған болатын. Цифрландыру нәтижесінде барлық автожолдар, жол құрылғыларының тізімі жасалып, олардың техникалық мінездемелері, жолдардағы инженерлік құрылғылар (жол белгілері, бағдарламалар, шектеулер және т.б.), жолдың негізгі элементтері, жөндеу жұмысының тарихы бірыңғай базаға енгізілді. База сараптауға да мүмкіндік береді. Астанадағы жасыл желекті инвентаризация және зерттеу нәтижесі бойынша 2022 жылы «Жасыл желек реестрі» порталы жасалды. Былтыр портал жетілдіріп, www.e-dendra.kz сайты ашылды. Сол арқылы тұрғындар қаланың қай жерінде көшетханалар орналасқа-

нын біле алады, сұрақтар жолдап, қосымша ақпарат ала алады. Қалада әр ағашқа, бұтаға электронды төлқұжат жасалған.

– Әр ағаш дербес QR-кодына ие болады. Бұл олардың күтімі мен жағдайын қадағалауға көмектеседі. Отырыс барысында бірқатар өзекті мәселелер де көтерілді. Атап айтқанда, ағаштарды суару мәселесі, өкінішке қарай, барлық учаскеде бұл жұмыс жүйелі жолға қойылмаған. Аталған проблемалар назарға алынып, жауапты құрылымдармен бірлесе отырып, шешу жолдары қарастырылады. Қаладағы жасыл желектің күтіміне қатысты сұрақтар көп. Өкінішке қарай, уақытында суару мәселесі толық шешілмеген. Жиналыс нәтижесі бойынша хаттама бекітіліп, орындалуы біздің қадағалауда болады, – деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Кендебай Адамбек.



Қара жұмыс – физикалық күшті қажет ететін, көбіне жалақысы аз және әлеуметтік мәртебесі төмен жұмыс түрі. Қазіргі таңда елімізде шет елден келіп, қара жұмыс істеп жүрген адамдардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл тек біздің елге тән құбылыс емес, бүгінде еңбек миграциясы жаһандық сипат алып, әлемдік экономика мен ішкі саясатқа тікелей әсер етіп отыр. Әсіресе, жұмыс күші арзан, бірақ еңбек ауыр салаларда мигранттардың үлесі жоғары. Олар көбінесе құрылыс, ауыл шаруашылығы, өндіріс пен қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді.

ҚР ЕХӘҚМ жұмыспен қамту органдарында 2025 жылғы наурыз айының соңына 323,7 мың адам жұмыссыздар ретінде ресми тіркелген. 2025 жылдың 1 сәуіріндегі мәлімет бойынша, елімізде 13 891 шетелдік азамат ресми түрде еңбек етіп жүр. Экономикалық салалар бойынша шетелдік жұмысшылардың ең көп шоғырланған бағыттары: Құрылыс саласы – 5 131 адам, Ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1 695 адам, Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1 351 адам, Өңдеу өнеркәсібі – 1 232 адам. Ал мигранттардың көбі Қытай (4 885 адам), Түркия (1 124), Үндістан (1 121) және Өзбекстаннан (1614) келген. Басым бөлігі – 25 пен 40 жас аралығындағы еңбекке қабілетті жастар.

Мұның астарында не жатыр? Бір қарағанда, бұл – жұмыс күші тапшылығы бар елдерге тән құбылыс секілді. Бірақ шын мәнінде, бұл – Қазақстандағы еңбек нарығының ішкі дисбалансын көрсететін қауіптің нышаны.

ТӘУЕЛДІЛІК НЕГЕ ҚАУІПТІ?

Біріншіден, шетелдік жұмысшылардың арзан еңбек күші ретінде пайдаланылуы – отандық еңбек ресурсына деген сұранысты төмендетеді. Өз азаматтарымыз қара жұмысты істеуге құлықсыз, себебі жалақы аз, еңбек жағдайы ауыр. Есесіне, жұмыс берушілер бұл бос орындар арзан мигранттармен толтыруға бейім. Бұл – жергілікті кадрлардың бәсекеге қабілетті болуына, әлеуметтік әділеттілікке сызат түсіреді.

Екіншіден, тіркеусіз, салық төлемей жұмыс істейтін мигранттар саны көбейген сайын ел бюджеті де айтарлықтай шығынға ұшырайды. Еңбек қауіпсіздігі сақталмайды, зейнетақы жүйесіне жарна түспейді, ал әлеуметтік қызметтерді бәрібір пайдаланады. Бұл – көлеңкелі экономиканың белең алуына жол ашады.

Үшіншіден, шеттен келген азаматтардың құқықтық реттелмеген жағдайы қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті күшейтуі мүмкін. «Мен осы елдің азаматы бола тұрып жұмыссыз жүрмін, ал көшеде жүрген өзбек таксигіші күніне 20-30 мың теңге табады» деген секілді наразылықтар – еңбекке қатысты ішкі әділетсіздіктің белгісі.

АУЫР ЖҰМЫС АРЗАН ЖҰМЫС ПА?

Мигранттардың арасында әсіресе өзбек азаматтарының үлесі ерекше. Олар Қазақстанға жұмыс істеу үшін заңды да, заңсыз да жолмен ағылып келіп жатыр. Өзбекстанмен шекаралас аймақтарда тіркелмеген еңбек мигранттарының саны ресми деректен әлдеқайда көп. Олар құрылыс, егін шаруашылығы сияқты жұмыстардан бөлек, соңғы жылдары такси жүргізушісі ретінде де белсенді жұмыс істеп жүр.



ҚАРА ЖҰМЫСТЫ КІМ ІСТЕП ЖҮР?

Бүгінгі таңда Қазақстанның құрылыс алаңдарынан бастап, такси нарығына дейін шетелдік жұмысшылардың илеуіне айналып барады. Әсіресе, Өзбекстан, Қытай, Түркия, Үндістан сияқты елдерден келген еңбек мигранттарының қара жұмысқа көптеп тартылып жатқаны – еліміздегі еңбек нарығының бет-бейнесін айқындап беруде. Бұл – тек статистикалық мәлімет емес, ел болашағына қа-тысты елеулі мәселе.

Күн сайын Алматы мен Астана-ның көшелерінде көлік тізгін-деген жүздеген өзбек азаматын кездестіруге болады. Олар көбіне «Yandex Go», «InDrive» сияқты қосымшалар арқылы жолаушы тасып, күнделікті табысын осылай тауып жүр. Кейбірі жеке көлікпен, енді бірі жалдамалы көлікпен жұмыс істейді. Бұл – ресми тіркеусіз, бірақ табысты кәсіп. Алайда олар салық төлемейді, көбі сақтандырылмаған және жол қауіпсіздігі талаптарын толық сақтамайды. Бұл – қала тұрғындары үшін де, жүргізушінің өзі үшін де тәуекелге толы жағдай. Дегенмен, өз елінде күнкөріс қиындаған соң, олар үшін бұл – ең оңай табыс көзі.

Такси жүргізуден бөлек, олар құрылыс саласында да белсенді еңбек етіп жүр. Астана, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларда салынып жатқан көптеген тұрғын үйлер мен коммерциялық нысандардың құрылыс алаңдарында оларды жиі кездестіруге болады. Көбіне ауыр, физикалық күшті қажет

ететін жұмыстарда – сылақшы, тас қалаушы, бетон құюшылар, қарапайым жұмысшылар ретінде қызмет етеді. Бұл салада да олардың көбісі ресми тіркеусіз еңбек етеді, сәйкесінше, зейнетақы жарнасы төленбейді, еңбек қауіпсіздігі сақталмайды. Алайда жергілікті құрылыс компанияларына оларды жұмысқа алу тиімді – еңбекақы аз, талап төмен.

«Өз елімде жұмыс табу қиын – жалақы аз, азық-түлік қымбат. Мұнда келіп құрылысқа орналастым. Күнде таңғы жетіден кешкі сегізге дейін жұмыс істейміз. Жалақыны қолма-қол төлейді. Ресми құжатым жоқ. Бірақ амал жоқ, балаларымды асырау үшін бөріне көнуге тура келеді. Мұнда қауіпті жұмыс істесең де, ақша жақсырақ. Бірақ ешқандай сақтандыру жоқ, ауырсаң – өзің жауаптысың. Бізге тек ақша керек, ал қалғаны – өзімізге тәуекел. Қазақстанда жұмыс көп, бірақ құқық жоқ» дейді өзбек азаматы Шохрух Шаисмаилов.

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ҚАЙДА?

Ал еліміздің өз азаматтары, әсіресе жастар қауымы, бұл салалардан бойын аулақ салады. Бірі – кәсіби білім алуға, екіншісі – шетелге шығуға тырысады. Себебі жастар ауыр еңбекке емес, жайлы жұмысқа, жоғары табысқа, даму мүмкіндігіне ұмтылады.

Бұл арада бір күрделі сұрақ туындайды: ал қара жұмыс қазақтың қолынан келмей ме? Неге өзіміздің азаматтар қара жұмыстан қашады?

Жауаптың бір ұшы – қоғамдағы еңбекке деген көзқараста. Бізде «қара жұмыс – қарабайыр» деген ұғым қалыптасып кеткен. Ата-ана баласына «оқы, қара жұмыс істеме» деп өсіреді. Бірақ бұл қалыптасқан көзқарас бүгінде сырттан келіп, «қара жұмысты» кәсіпке айналдырғандарға мүмкіндік терезесін ашып берді.

Бұған қоса, қазақ жастарының арасында кәсіби-техникалық білімге емес, диплом үшін ғана жоғары оқу орнына ұмтылу үрдісі бар. Бұл – еңбек нарығындағы білікті жұмысшы тапшылығын үдетіп отыр. Мемлекет «жұмыссыз дипломды» көбейтіп жатқанда, шетелдік азаматтар елдегі бос орындарды иеленіп үлгерді.

ӨЗ АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА БЕЙІМДЕЛУІН АРТТЫ-РУ ҚАЖЕТ. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ІСІН ЕҢБЕК НАРЫҒЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛА-НЫСТЫРЫП, ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАН-ДЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ – СТРАТЕГИЯ-ЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖҰМЫС



НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Мұндай әлеуметтік жағдайды болдырмау үшін халықаралық және ұлттық деңгейде жүйелі әрі нақты шешімдер қажет. Ең алдымен, мигранттардың еңбек құқықтарын қорғау, жұмыс жағдайларын заңдас-тыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау – басты міндет болуы тиіс. Сонымен қатар, шетелдік жұмыс күшін тек арзан жұмыс күші ретінде емес, кәсіби да-муға бейім азаматтар ретінде қарастыру керек. Олардың кәсіби дағдыларын арттырып, еңбек нарығына бейімдеу – ел экономикасы үшін де тиімді шешім болмақ.

Жұмыссыздықпен күресу – тек әлеуметтік мәселе емес, бұл адами капиталдың қадірін арттыру жолындағы маңызды қадам. Егер ел ішінде жұмыс орындары жеткілікті болса, қара жұмысқа шетелдіктер емес, өз азаматтарымыз еңбек етер еді. Осылайша, мемлекет өз экономикасын ішкі еңбек ресурсы арқылы дамытуға мүмкіндік алады.

Біріншіден, еңбек мигра-циясын бақылау мен басқару жүйесі түбегейлі жаңартылуы тиіс. Шетелден келген әрбір жұмысшының құқығы да, міндеті де нақты заңмен бекітілуі керек. Ресми тіркелмеген, салық төлемейтін, сақтандырусыз жұмыс істейтін азаматтар заң алдында жауап беруі тиіс.

Екіншіден, өз азаматтарымыздың еңбек нарығына бейімделуін арттыру қажет. Кәсіптік білім беру ісін еңбек нарығымен тығыз байланыстырып, техни-калық мамандықтарды дәріптеу – стратегиялық маңызы бар жұмыс. Егер қара жұмысқа лайықты ақы төленіп, лайықты жағдай жасалса, оны істейтін қазақ та табылады.

Үшіншіден, еңбек миграция-сы мәселесіне тек экономи-калық тұрғыдан емес, ұлттық қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан қарау керек. Ел ішіндегі жұмыссыз-дық, ішкі еңбек ресурстарының қолданылмауы – түптің түбінде ұлттық мүддеге қайшы.

Бүгінгі таңда қара жұмысты кім істеп жүргені – жай ғана ста-тистика емес, елдің еңбек саяса-тына, экономикалық бағытына, ұлттық қауіпсіздігіне қатысты күрделі сұрақ. Мигранттарды кінәлаудан бұрын, ел ішіндегі еңбек қатынасын түзеу – басты міндет. Әйтпесе, қара жұмыс өзгенің несібесіне айналып, қазақ баласы «жұмыс жоқ» деп сырт елге кете бермек.

2025 жыл Қазақстанда «Жұ-мысшы мамандықтары жылы»

деп жарияланды. Бұл – елдің экономикалық құрылымында маңызды орын алатын техни-калық және кәсіби білімнің, сондай-ақ нақты өндірісте еңбек ететін жұмысшы кадр-лардың мәртебесін арттыруға бағытталған қадам.

Қазақстанда жыл сайын жоғары оқу орындарын 150 мыңнан астам адам бітірсе, соның ішінде нақты өндіріске барып жұмыс істейтін мамандар үлесі мардымсыз. Керісінше, құрылысшы, дәнекерлеуші, электрші, инженер-технолог си-яқты жұмысшы мамандықтарға деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Бұл бастама еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсы-нысты теңестіруге жол ашады. Мысалы, 2023 жылғы ресми дерек бойынша, Қазақстанда 200-ден астам кәсіпорында жұмысшы тапшылығы бар. Жұмыссыз жүрген жастар көп болғанымен, олар техника-лық мамандықты таңдауға құлықсыз. Енді мемлекет бұл бағытта ынталандыру тетік-терін күшейтіп отыр. 2024 жылы кейбір жұмысшы кәсіп-тер бойынша жалақы айына 400-600 мың теңгеге жетті (құрылысшы, дәнекерлеуші, электрик, слесарь т.б.). Бұл жоғары білім алып, кеңседе отыратын кей мамандардан көп. Демек, жұмысшы – «қара жұмысшы» емес, қоғамға қа-жетті тірек екенін түсіндіру маңызды.

Қазақстанда қазір көптеген құрылыс материалдары, техни-ка бөлшектері мен киім-кешек шет елден әкелінеді. Неге? Себебі жергілікті өндірісте білікті жұмысшы күші жет-кіліксіз. Егер біз металл өңдеу, машина жасау, жиһаз өндіру, жеңіл өнеркәсіп, аграрлық техника жөндеу салаларын дамытуға күш салсақ, импорт көлемі азайып, ұлттық өнер-кәсіп тамыр жаяды. Көп жыл-дар бойы қоғамда жұмысшы мамандықтарға менсінбеушілік қалыптасты. Ал негізінде, кез келген өркениетті ел жұмыс-шыны ел дамуының негізі деп қарайды. Германия, Жапония, Корея сияқты елдер кәсіптік білім мен еңбек адамын бірінші орынға қойып отыр. Қазақстан да осы ұстанымды ұстануға тиіс. Себебі нағыз еңбек ада-мы – жерді игеріп, өндіріс ашып, нақты өнім шығаратын адам. Осы тұрғыдан алғанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» – жай ғана ұран емес, бұл экономикалық жаңғырудың нақты кезеңі. Қазақстан алдағы уақытта көмірсутекке ғана емес, еңбек пен технологияға негізделген экономикаға бет бұрғысы келсе – кәсіби-тех-никалық білім мен жұмысшы мамандықтарына басымдық беруі тиіс.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ,
Ақтілек МЕРЕКЕ,
Еуразия ұлттық
университетінің
2-курс студенті



№71 (4815) 19/06/2025 Бейсенбі

Ашылғанына енді ғана 2 жыл болған музейде жергілікті халықтың этнографиялық бұйымдары мен өнердің археологиялық жәдігерлері мол болатұғын. Бұл бұйымдар, шынымен де, шетелдік қонақтарды қатты қызықтырған. Журналист Кеннанның назары бірден мұражайдың этнографиялық бөліміне ауса, суретші Фрост сондағы тұрған заттарға қарап отырып (қобыз бен шамдал) альбомына бірнешеуінің суреттерін салып алған. Шетелдік жиһангерлердің көңілін ерекше баураған қазақ халқының этнографиялық бұйымдарының қатарында ұлы ақынымыз Абай тапсырған жәдігерлер де болған шығар деп шамалаймыз. Себебі осы 1885 жылдың жазында Абай Құнанбайұлы орыс достарының бірі Нифонт Долгополов арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін паш ететін 60-қа жуық зат беріп жібереді. Бұл заттардың басым көпшілігі киіз үй ішінде көрнекті жерде тұратын дүниелер еді. Жиһангерлердің жүйелілігіне қарап ұлы ақынымыздың Семей қаласында 1883 жылы ашылған өлкетану музейінің қорын экспонаттармен толықтыруға өте ықылас-ты болғанын байқаймыз. Абай ауылынан әкелініп, тізімделген еліміздің этнографиялық дүниелері ұлтымыздың дүниетанымы мен тұрмыстық мәдениетін ғылыми тұрғыда саралауға да негіз боларлықтай жеткілікті топтастырылған. Тарата кетсек, тұрмыстық бұйымдардан: асадал, кебеже, саба, торсық, піспек, табак, шыныаяққап, бесік, ұршық, тоғызқұмалақ; қару-жарақтар түрлерінен: айбалта, найза, шокпар; ұста саймандарынан: көрік, төс, қысқаш; музыка аспаптарынан: қобыз, сыбызғы, асатаяқ, домбыра іспетті бұйымдар.

Зер салып қарасақ, осы дүниелердің тиянақты жинақталуының өзінен-ақ Абайдың алысты көре білгенін, тереңді тани алғанын аңғарамыз. Бүгінгі дүниенің болашаққа музей арқылы жететініне бек сенген, ауылында екі ай қонақта болған Н.Долгополовпен арадағы әңгіме кезінде де терең бойлай түссе керек. Қалың елі қазағының қараңғылықта қалып қоймай, еңселі елмен есіктес, тегеурінді жұртпен терезелес болуын көксегені тек даналық сөздерінен ғана емес, осындай іс-әрекеттерінен де көрінеді. Негізінде, осы арнайы жинақтан 60-қа жуық жәдігерді Абай өзі келіп тапсыруға қамданған, алайда әкесі Құнанбайдың қатты сырқатына байланысты ел ішінен ұзап кете алмаған дегенді естігеніміз бар.

Бірақ осы жолы болмаса да, келесі 1886 жылы Абай Құнанбайұлы Семейге келгенде жаңағы тарихи-өлкетану музейіне әдейілеп барған деп санаймыз. Музейдің сол кездегі тіркеу журналындағы деректер мен сол уақыттың басылым мәліметтері солай топшылауға түрткі болып отыр. Мысалы, музейдің сирек басылымдардың



ҰЛЫ АҚЫН ЖӘДІГЕРЛЕР ТАПСЫРҒАН МУЗЕЙ


Семей қаласының тарихи салмағы мен рухани кеңістігін айшықтайтын мысалдар да, нысандар да аз емес. XIX ғасырдың ортасында-ақ өнері мен саудасы салтанат құрып, өндірісі өрге басты. Білім мен мәдениет шаңырақтары бой көтеріп, ағартушылық ісі де ілгері жылжыды. Америкалық саяхатшылар Джордж Кеннан мен Джордж Фрост 1885 жылы осында келгенде, Семей өркениетке бет бұрған мекен болатын. Оларды таңғалдырған тағылымдық дүниенің бірі – қоғамдық кітапхана мен өлкетану музейі.



мек. Ең бастысы, екі мәліметте де Абайдың ауылда қалып қоюы әкесінің жағдайына байланысты болып тұр. Ресми бекітілген сапар мерзімінің күрт өзгеріске ұшырауы аса маңызды мәселемен сабақтас болатынын ескерсек, Құнанбайдың қазасы себеп болды ма деген болжам басым.

Жалпы, қай жазбаға үңілсек те, 1883 жылы ашылған қоғамдық кітапхана мен өлкетану музейінің ашылуына ұйытқы болғандар қатарында, негізінен, Ресей ішінен саяси жер аударылып келген оқымыстылардың есімі мен еңбегі көбірек аталады. Өрине, олардың жанкешті жұмыстарын жоққа шығармаймыз, десе де өз бастамаларын жергілікті жұрттың білікті адамдарымен бірлесе жүзеге асырмай нәтиже бермейтіні анық. Кезіндегі біржақты көзқарас көптеген ердің еңбегін көлегейлеп қалған секілді. Соның салдарынан болар, басқаны қойып, ұлы Абайдың Семейдегі ізгілікті ізі мен игілікті істерінің бірқаншасы беймәлім күйде қалып келеді. Алайда Ертіс бойындағы ел ортасына салған Абай соқпағын өз уақытында Шәкәрім Құдайберді, Тұрағұл Абайұлы бастатқан ұлт зиялылары Семейдегі мәдениет пен өнердің өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқаны жайында мәліметтер жоқ емес.

Міне, көненің көзіндей болып отырған облыстық тарихи-өлкетану музейінің ашылуына биыл 142 жыл болса, ұлы Абай тапсырған жәдігерлерге 140 жыл толып отыр. Н.Долгополов арқылы жіберген және өз қолымен берген экспонаттар шоғыры туралы құжаттар анық. Музей қорындағы 140 жыл бұрынғы жазбаларға сүйеніп ұлы ақынның кісе белбеуін куәландыратын құжат жасап қойдық. Мұндағы мақсат – өңіріміздегі ең көне музейде данышпан Абай қолының табы бар дегенді меңзегіміз келгені. Абайдан қалған жәдігерлер бергін келе ұлы ақын атындағы музейге берілгені көзі қарақты қауымға белгілі. Солай болғанның өзінде де, өңіріміздің мыңжылдық тарихи-мәдени мұрасын сақтап отырған шаңырақтың бастауында ұлы Абай тұрғаны ай-



және алғашқы археологиялық артефактілерді жинақтаушы да сол. Екі ойшылдың тұрақты байланысы Абайдың қоғамдық кітапхана мен өлкетану музейінің ашылуынан алдан ала құлағдар болғанын бекіте түседі. Яғни екі ағартушы кітапхана мен музейдің болашағы туралы сөз етпей қалған жоқ. Музейді этнографиялық бұйымдармен жабдықтау туралы ойды Абай сол кезде ойластырып, өз ұсынысын жасаған да болар. Нифонт Долгополовтың екі ай қонақ болып, бір арба бұйым алып қайтуы сол ұсыныстың жалғасы шығар, сірә. Сонымен бірге Семей қаласында жаңадан ашылған мұражай мен кітапхана туралы 1884 жылы «Сибирская газета»: «Дүниеге жаңа ғана келген өрімдей жас отауды болашақта не күтіп тұрғанын болжау қиын. Оны ұйымдастырушылардың еңбегі заяға кетіп және ең-жар қоғамның салғырттығының салдарынан ол өшіп қалама екен немесе қалай дамиды екен?» деп жариялаған ақпаратты Абайдың оқымауы да мүмкін

емес. Міне, осы және өзге де себептер ұлттық мұраттағы ұлы ақынды музей дамуына мұрындық болуға жетелегені шүбәсіз. Осы тұста тағы бір деректілге оралып тұр. Ол – Н.Долгополовтың Шыңғыстау бағытындағы сапарының мерзімі. Нифонттың Абай ауылында болып қайту мерзімі ресми орын-дәріс Абайдың 1885 жылдың 15 маусымы-15 тамызы аралығы болып белгіленіп, генерал-лейтенант Цекинский тапсырма-сы бойынша сапар Семей қалалық полициейстрі бақылауында болған. Бірақ Н.Долгополов бекітілген күннен ерте – 10 тамызда Семейге оралып қойған. Оған Абайдың әкесі Құнанбайдың қайтыс болуы себеп болды дегенді айтады білетіндер. Егер осы дерек рас болса, Құнанбай Өскенбайұлының өмірден өткен мерзімі 1886 жыл емес, 1885 жылғы тамыз айының бірінші онкүндігі болып шығады. Онда жоғарыда «Абай әкесінің сырқатына байланысты Долгополовпен бірге шыға алмапты» деген деректі мына дәйекпен ауыстыруға тұра кел-

тудан, дәріптеуден танбаймыз.

Абай тапсырған этнографиялық заттар, жоғарыда аталған қос америкалық жиһангерден бөлек, өзге де мәртебелі меймандарды таң-тамаша еткеніне тоқталмай кетуге болмас. Шыңғыстау болысынан жеткізілген бұйымдардың қабылдану мерзімі 1885 жылдың тамызы екенін айттық. Осы жылдың соңында – 5 желтоқсанда мұнда тағы бір танымал жиһангер Николай Михайлович Пржевальский келіп кеткен. Ол Орталық Азияға жасаған төртінші саяхатынан Семей арқылы қайтып келе жатқан болатын. Өзінің құрметіне берілген түскі ас кезіндегі саликалы отырыста мұражайға және кітапханаға барғаны туралы: «... бұл мекеме көңіл аударарлық екен. Қалалықтарды құттықтауға тұрарлық. Жұмыстары жемісті болсын. Осыншама шалғайда орналасқан шет жерге келген зиялы адам өзін отанынан қол үзіп қалдым деп ойламайды. Себебі осы жерді зерттегісі келген кісі мұражайдағы жиналған дайын материалдарды қолдана алады» деген екен. Оның да Абай тапсырған заттарға тәтті болғанын ешкім жоққа шығармас.

Бір ғана ұлы Абайға қатысты өзге де сырлы дүниелерді сақтап келе жатқан Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейі мыңжылдық мәдениетімізге байланысты мәліметтерге де бай. Бір жарым ғасырға жуық тарихында сегіз рет қоныс өзгерткен. 1983 жылдан бері құтты шаңыраққа айналған музейдің қазіргі мекенінің өз ерекшелігі бар. Абай, 90 көшесінде орналасқан бұл ғимарат – сакралдық маңызы бар әрі архитектуралық сипаты айрықша нысан. Ол шамамен 1895 жылы Семей облысы әскери губернаторының резиденциясы ретінде салынған. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін онда әртүрлі әкімшілік мекеме орналасып, ғимаратқа «Бостандық үйі» деген атау берілген. «Бостандық үйінде» «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлеріне қатысты тарихи оқиғалар орын алған. Мұнда 1917 жылдың күзінде Сібір автономистерінің съезінен оралған қозғалыс жетекшісі Әлихан Бөкейхановты Семей жұртшылығы қарсы алды. Осы қозғалыстың көрнекті қайраткерлері Райымжан Марсеев, Ахметжан Қозыбағаров, Шинджи Мұсатаев, Маннан Тұрғанбаев, Имам Әлімбаев және т. б. құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ бұл ғимаратта 1917 жылғы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында І облыстық қазақ съезі өтті. Осы съезде Қазақ автономиясы туралы мәселе көтерілді. Сонымен қатар 1917 жылдың қаңтар-ақпан айларында алғашқы «Алаш» отряды құрылды. Осы қабырғалардан Алаш автономиясының көшбасшылары – Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов және Ә.Ермеков 1918 жылғы 2 сәуірде В.Ленин мен И.Сталинді Қазақ автономиясын мойындауға келіссөз жасап, тікелей телефон арқылы сөйлесуге шақырды.

Түйіндеп айтқанда, музей экспонаттарында Абай қолының табы қалған, ал музей ғимаратында Алаш арыстарының рухы бар. Осы тарихи белестеріндегі ұлттық мұратты бүгінгі буынның тарихи санасын қалыптастыруға бағыттау керек деп санаймыз. Музей қызметкерлері Семей өлкесі тарихының сырға толы парақтарын айқындау мен дәріптеу мақсатындағы ғылыми-зерттеу, жинақтау, өзге де әдістемелік жұмыстарын талмай жалғастыра бермек.

Қайрат ЗЕКЕНҰЛЫ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры,
Семей қаласы



ЯДРОЛЫҚ КӨЛЕҢКЕ ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ ЖАНТАЛАС

Таяу Шығыстағы геосаяси ахуал тағы да ушықты. Израиль 13 маусым күні Иранның ядролық нысандарына, әскери базаларына, қару-жарақ қоймаларына әуеден соққы жасап, бірқатар стратегиялық инфрақұрылымды қиратты. Бұған жауап ретінде Иран да Израиль аумағын атқылауды бастады. Осылайша қақтығыс салдары аймақ шеңберінен шығып, әлемдік нарыққа әсерін тигізіп үлгерді: мұнай бағасы күрт өсіп, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік мәселесі қайтадан күн тәртібіне шықты.



СҰРАПЫЛ СОҚҚЫ, ҚАЙРАТСЫЗ ҚАРЫМТА

Израильдің бұл жолғы шабуылы тосын әрі аса қатты болды. Қарсыласын ес жиғызбай тұншықтыруды көздеген Израиль Қарулы күштері 200-ден астам жойғыш ұшақпен әуеден соққы беріп қана қоймай, Иран аумағынан да ұшқышсыз ұшақтар (дрондар) ұшырып, операцияны бірнеше бағыттан жүргізді.

Алдымен Иранның жоғары шенді генералдарын көздеп, командалық құрылымға соққы берді. Артынша әуе шабуылынан қорғану жүйелері мен барлау орталықтарын нысанаға алды. Бұл Иранның қорғаныс қуатын әлсіретуге бағытталған айқын қадам болатын. Соғыстың алғашқы күнінде-ақ Израильдің үлкен нәтижеге қол жеткізгенін әскери сарапшылар мойындап отыр.

Қазірге дейін Иранның 10-нан астам әскери қолбасшысы қаза тауып, әуе шабуылынан қорғану жүйелері шетінен қирады. Ұзақ уақыт экономикалық бұғаудың астында өмір сүрген Тегеранның өзі жасаған және Ресейден алған әуе шабуылынан қорғану жүйелері соғыстың алғашқы күні-ақ қауқарсыз екенін көрсетті. Жалғыз жойғыш ұшақты атып түсіргеннен басқа, маңызды нысандарға бағытталған зымырандарды, ұшқышсыз ұшақтарды атып түсіре алмады, радар жүйелерінің да көзі соқыр, құлағы саңырау болып шықты. Сосын да бір аптаға жетпей Израиль Иранның әуе кеңістігін толық бақылауға алғп үлгерді. Ал Иран еруліге қарулы жасап, қақтығыс басталған күннің ертесінде Израильге бағыттап 200-ге жуық зымыран атқанмен, қазір оның саны 10-20-ға дейін құлдырады. Сарапшылар бұл жағдайды Иранның алысқа ұшатын зымырандарының таусыла бастауы және Израиль шабуылдарынан кейін зымыран ұшыратын қондырғыларының көбінің жойылып кеткенімен байланыстырады.

Иранның адам шығыны да еселеп артып барады. Қазірге дейін бейбіт тұрғындарды, Иранның әскери қолбасшыларын қамтыған 300-ге жуық адам көз жұмып, неше мың адам жараланды. Ал Израильде қазірге дейін 30-ға жуық адам қаза тауып, мыңнан астам адам жараланған көрініс. Оның үстіне халық ел астанасын және басқа қалаларды тастап, сыртқа қашып жатыр. Израиль Премьер-министрі Биньямин Нетаньяху қақтығыс

басталған кезде Иран халқына арнайы үндеу жолдап, Тель-Авивтің әрекеті Иран халқына емес, елдің билігі мен әскери инфрақұрылымына бағытталғанын мәлімдесе, соңғы күндері жұртшылықты Тегераннан кетуге, жаппай көтеріліске шығып, билікті аударып тастауға шақырған болатын. Оған жауап ретінде Иранның Қарулы күштері бас штабының басшысы Амир Мусави: «Біздің осы уақытқа дейін жүргізген әскери операцияларымыз бар болғаны ескерту болатын. Енді біздің жазалайтын сәтіміз келді. Мен Тель-Авив пен Хайфа тұрғындарын дереу қаладан кетуге шақырамын. Аталған қалалар тұруға жарамсыз болмақ. Иран сионистік режимді жояды» деп мәлімдеді.

Иран оппозициясының лидері, Иран шахының ұлы Реза Пехлеви де үндеу жасап, Ислам Республикасының соңына жеткенін, Хаменеи режимінің күйреуі басталғанын айтты. «Хаменеи қорқақ тышқандай тығылып қалды. Басталған процесс енді тоқтамайды. Бұл – Иран халқына қарсы 46 жылдық соғыстың соңы» деді ол.

Пехлеви халықты көшеге шығуға, елдің барлық аймағында көтеріліске үндеп, Иранның болашағына арналған нақты жоспар бар екенін, өтпелі кезеңде ұлттық-демократиялық үкімет құрылатынын жеткізді. Ол Қарулы күштер мен мемлекеттік құрылым қызметкерлеріне де үндеу тастап: «Бұл шіріген режим үшін өмірлеріңізді қиып, халыққа қарсы соғыспаңыздар. Болашақ Иранды бірге құрамыз» деді. Қысқасы, Таяу Шығыстағы соңғы геосаяси шайқас Иранның ішкі және сыртқы тұрақтылығына ауыр соққы болып тиді. Бір жағынан, Израильдің тосын шабуылы, екінші жағынан, ел ішіндегі жаппай наразылық пен оппозицияның жандануы. Осылайша Иран 1979 жылдан бері алғаш рет ішкі және сыртқы қысымға қатты ұшырап отыр. Ресеймен қол қойған стратегиялық әріптестік те бұл жолы нақты әскери көмекке айналған жоқ. Мәскеу Иранға әскери қолдау көрсетуге дайын емес, тек саяси мәлімдемелермен шектеліп отыр. Бұл да Тегеран билігінің халықаралық оқшаулануының көрінісі.

ҚОРЫҚҚАН БҰРЫН ЖУДЫРЫҚТАЙДЫ

Израиль Премьер-министрі Биньямин Нетаньяху өз Қарулы күштерінің әрекетін алдын ала жасалған соққы

ретінде сипаттап, «бұл – тіршілік үшін маңызды қатерді жоюға бағытталған қадам. Иранның ядролық бағдарламасы 90-минуттық кезеңге жетіп, ядролық бомба жасауға таяп қалды» деп мәлімдеді. Батыс елдері де Нетаньяхудың бұл ұстанымын қолдап, Тегеранның «қызыл сызықтан» өтуіне жол беруге болмайтынын айтты. Алайда Нетаньяху айтқан уақыт шегі көпшіліктің күмәнін тудырды.

Иран бірнеше рет ядролық қару жасау туралы шешім қабылдамағанын мәлімдеді. Быыл наурызда АҚШ Ұлттық барлау басқармасының директоры Тулси Габбард Конгресс алдында сөйлеген сөзінде: «АҚШ барлау қызметі Иранның ядролық қару жасап жатқанына дәлел таппағанын» мәлім етті. Халықаралық атом энергиясы агенттігінің (МАГАТЭ) соңғы тоқсандық баяндамасына сәйкес, Иран уранды 60% деңгейіне дейін байыту көлемін арттырған, бұл қару жасайтын 90% деңгейге өте жақын. Жинақталған уран 9 ядролық оқтұмсық жасауға жетуі мүмкін. Сосын да қақтығыстың алғашқы күндерінде Иранның ауқымды ядролық бағдарламасына тиесілі 3 негізгі нысанға шабуыл жасалды: Натанз, Исфахан және Фордо. Соққыдан кейін МАГАТЭ Натанздағы бір тәжірибелік отын байыту зауытының жерүсті бөлігінің жойылғанын хабарлады.

Израиль сонымен қатар Иранның «зияткерлік әлеуетін» жою мақсатында ядролық физиктерді нысанаға алған. Қазіргі мәлімет бойынша кем дегенде 9 ядролық ғалым және көптеген жоғары шенді әскери қолбасшы қастандықпен өлтірілген. Израиль шабуыл нысандарының тізімін әскери базалардан, зымыран ұшыру алаңдары мен зауыттардан бастап, экономика және мұнай инфрақұрылымдарына дейін кеңейтті.

АҚШ АТҚА МІНДІ

Дейтұрғанмен Израильдің әуе соққылары Иранның жер астындағы нысандарын толық жоя алмауы мүмкін. Мәселен, Фордо – Ирандағы екінші ірі әрі ең жақсы қорғалған ядролық нысан. Бұл нысан таудың терең қойнауында орналасқан. Сарапшылардың айтуынша, Иран осы жерде қару жасауға жарамды уран қорын сақтауда. Қазір Израиль осы нысанның күлін көкке ұшыруды ойласуда. Алайда Израильде мұндай тереңдегі нығайтылған нысанды

жоя алатын «жерасты бекінісін бұзушы» бомба жоқ. Мұндай қару АҚШ әскери-әуе күштерінің иелігінде бар. Бұл қарудың салмағы – 30 мың фунт, дәлдікпен бағытталатын құрал. Алайда осындай қуатты қарудың өзі Фордоны толық жою үшін бірнеше күндік үздіксіз соққыны талап етеді. Израиль «Иранның Фордосындағы ядролық нысанның көзін жоймай, бізге тоқтау жоқ» дейді. Демек, Иранды біржолата тұралау үшін енді соғысқа АҚШ-тың араласатыны анық.

The New York Times дерегіне, Пентагон Таяу Шығыстағы барлық әскери базасын ұрыс жағдайына келтіріп үлгерді. БАӘ, Иордания және Сауд Арабиясындағы АҚШ базалары жоғары дайындықта. «Таяу Шығыста 40 мың АҚШ сарбазы бар» дейді басылым. Бұған қоса, Парсы шығанағына АҚШ әскери кемелері кіріп, өңірге бақылауды күшейтті.

АҚШ-тың соғысқа араласуы жаһандық ахуалды күрт ушықтыруы мүмкін. Өйткені бұл – жай тактикалық шешім емес, әлемдік тәртіпке ықпал ететін стратегиялық бетбұрыс. Таяу Шығыс қана емес, бүкіл планета жаңа дағдарыстың табалдырығында тұр.

«Иран мен Израиль арасындағы соғысқа АҚШ араласуы мүмкін» деген ақпаратқа Иран Парламенті Ұлттық қауіпсіздік комиссиясының орынбасары Фарди Аймани: «Біз үшін АҚШ-тың әскери базаларына соққы жасау Израильге соққы жасауға қарағанда оңайға түспек. Сол үшін АҚШ ойланyp әрекет етуі тиіс. Олар Иранға шабуыл жасауды ойласа, ендіше 50 мың сарбазына табыт дайындауды да ұмытпасын» деді.

МҰНАЙ – ГЕОСАЯСИ ӨНІМ

Таяу Шығыстағы бұл соғыс мұнай бағасына тез әсер етіп, оның құны 7 пайызға өсті. Бұл – соңғы айлардағы ең күрт өсім. Энергетика саласындағы сарапшылардың пайымдауынша, бұл үрдіс әлі де жалғасуы мүмкін. Себебі геосаяси тәуекелдер – мұнай нарығына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі.

Иранда барланған мұнай қоры шамамен 157 миллиард баррельді құрайды, бұл Таяу Шығыстағы барланған мұнай қорының төрттен біріне (24 пайыз) және әлемдік қордың 12 пайызына тең. Иран – әлемдегі мұнай өндіруші елдердің ішінде тоғызыншы орында, ал ОПЕК құрамында төртінші орында тұр. Оның күнделікті шикі мұнай өндіру көлемі шамамен 3,3 миллион баррельді, ал шикі мұнай мен мұнай өнімдерін экспорттау көлемі күніне 2 миллион баррельді құрайды.

2023 жылы Иранның мұнай экспорты есебінен түскен таза табысы 530 миллиард АҚШ долларына жетіп, 2021 жылғы 370 миллиард доллармен салыстырғанда едәуір артқан. Иран экономикасы көптеген көршілес елмен салыстырғанда әртараптандырылған болса да, мұнай ел кірісінің басты көзі болып қала береді. Алайда шетелдік инвестициялардың шектеулі болуы мен халықаралық санкциялар салдарынан Иран мұнай өндіру әлеуетін толық пайдалана алмай отыр.

Теңіз арқылы тасымалданатын мұнайдың 20 пайыздан астамы Иран мен Оман арасындағы стратегиялық Хормуз бұғазы арқылы өтеді. Кеше «Al Jazeera» «Егер соғысқа АҚШ араласса, Иран Хормуз бұғазын миналайды» деп хабарлады. Бұл қауіптің астарында әлемдік мұнай нарығына төнген орасан қатер жатыр. Себебі Хормуз жабылса, күніне 18-20 миллион баррель мұнайдың жолы кесіледі, мұнай бағасы \$120-\$150 межесіне дейін шарықтауы мүмкін, әлемдік инфляция үдейді, азық-түлік бағасы өседі. Өйткені Хормуз – жай ғана бұғаз емес, әлемдік энергия қауіпсіздігінің құрөтамыры. Егер ол миналанса, соғыс майданы мұнай бағасының дүрбелеңімен бүкіл планетаға жайылуы ғажап емес.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КАНАДАДА G7 САММИТІ ӨТТІ

2025 жылғы 16-17 маусым күндері Канададағы Альберта провинциясының Кэнанаскис қаласында «Үлкен жетілік» (G7) елдерінің саммиті өтті. Алайда саммит ортақ қорытынды мәлімдемесіз аяқталды.



АҚШ президенті Дональд Трамп жиынның екінші күніне қалмай, Израиль мен Иран арасындағы шиеленіске байланысты Вашингтонға оралды. Оның Украина мен Мексика президенттерімен жоспарланған кездесулері өтпей қалды. Сарапшылар саммит аясында G7 елдері арасындағы саяси келіспеушіліктердің тереңдегенін атап өтті.

АМЕРИКАҒА КІРЕ АЛМАЙДЫ

АҚШ президентінің әкімшілігі тағы 36 елдің азаматына мемлекет аумағына кіруге тыйым салды. Бұл шара ұлттық қауіпсіздікке байланысты қабылданған.



Тізімде Африканың Мысыр және Джибути сияқты 25 мемлекеті, сондай-ақ Кариб аймағы елдері бар. Шектеулердің енуіне әлі 60 күн бар. Ақ ұй аталған мемлекеттер осы 2 айдың ішінде өздерінен күдікті алып тастауына мүмкіндік бар дейді. Естеріңізге сала кетейік, мамырдың басында Дональд Трамп Ауғанстан, Иран, Ливия мен Йемен сияқты 12 елдің азаматына кіруге шектеу салған жарлыққа қол қойған болатын.

ЖҮЗЕГЕ АСҚАН КЕЛІСІМ

Ресей мен Украина мәйіт алмасты. 2 маусымда Ыстанбұлда жасалған келісім бойынша Мәскеу Киевке 6 мыңнан аса жауынгердің мәйітін қайтарса, Украина Ресейге 78 сарбаздың денесін берді.



Репатриациялық іс-шараға Халықаралық Қызыл Крест ұйымы да атсалысты. Ресей Украинаға тағы 2200-ден аса мәйітті қайтаруға дайын екенін мәлімдеді. Киев Мәскеудің ұсынысына қатысты әзірге пікір білдірген жоқ. Айта кетейік, сейсенбі, 17 маусымға қараған түні Киев қаласына Ресейдің жасаған әуе шабуылдары салдарынан кемінде 14 адам қаза тауып, 114 адам жараланды.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Арқа жерінің тарихы, есімдері ескерусіз қалған ерен тұлғалар туралы қалам тербеген жергілікті өлкетанушы, ҚР Білім беру ісінің үздігі Клара Әмірқызының туғанына биыл – 100 жыл. Осыған орай ұлттық құндылықтарды ерекше дәріптеген жанның артында қалған ұрпақтары елордалық жалпы жұртшылыққа ас беріп, құран бағыштады.

Гүлбаршын
ӨКЕШЫЗЫ

Қазіргі «Астана ақшамы», ол кездегі «Ақмола ақиқаты» газетінің тұрақты авторларының бірі болған, әсіресе, бұрмаланған ел-жер су аттары жайлы шынайы дүниелер жазған өлкетанушыны еске алуға арналған жиында оның туыстары мен көзкөрген қызметтес азаматтар естелік әңгімелер айтты.

1925 жылы 13 наурызда Ақмола облысының Атбасар ауданындағы Ерікті ауылында дүниеге келген қыз бала сол кездегі ел басына түскен ауыр нәубеттің бәрін басынан кешірді. Жиырмасыншы жылдардың аяғындағы конфискация, отызыншы жылдардың басындағы алапат аштық, одан қалды қырқыншы жылдардың ортасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс оның балаң жүрегіне сызатын салмай қоймады. Алғашқылардың бірі болып сөз алған Бақыт Сейдахметқызы апайының заты әйел болса да ерге бергісіз қызмет еткеніне, елдегі ер-азаматтар майданға аттанғанда, оныншы сыныпта оқып жүрген оқушы соғысқа кеткен ұстаздардың орнына мұғалім болып, өзінен сәл ғана кіші балаларға дәріс бергеніне тоқталды.

– Жасынан ауылдағы көнекөз қарттардың әңгімесін тыңдап, ақ жаулықты әжелердің аузынан шыққан әр сөзді жаттап өскен қыздың бойында білімге деген құштарлық мол еді. Бойжеткен болып бой түзеп, алаңсыз айнаға қарап сылану оның маңдайына жазылмапты. Ол кезде қыздар машина айдамайтын, ал Клара апамыз жұмысын жылдамдату үшін тіпті көліктің тізгінін де ұстады. Бізге өмірдегі барлық жақсылықты үйретті. Артында қалған бала-шаға, немерелеріне ұзақ ғұмыр тілеймін. Оқытқан дұға-тілектер қабыл, апамыздың жатқан жері жарық болсын! – деді ол.

Белгілі журналист Әмина Міржүсіпқызы жүзі жылы, басқан ізі білінбейтін, ақырын сөйлесе де, ақылмен ой айтатын, ішкі мәдениеті аса жоғары, соншалықты сыпайы, жанына жақын аяулы адамнан айырылғанына 23 жылдың жүзі болғанын, әр кездескен сайын үлпідеген бауырсағын жайып, қаймақ қатқан қою шәймен қарсы алып, әңгіменің тиегі ағытылатынын тебірене еске алды.

– Сол бір 2002 жыл мен үшін өте ауыр жыл болды. Отағасым Жұматайдың ауыр дертке шалдыққаны аздай, өзімнің анамдай болып кеткен Клара апам кенеттен қатерлі дертке ұшырады. Өмірінде дәрігердің көмегіне жүгініп көрмеген апамның төзімі Атбасардың ауруханасында бір аптадай ғана жатуға жетті. Астанаға оралысымен апам жеттім. Қатты қиналып жатты. Соңғы шыққан «Атақоныс – аманат» атты кітабын берді. Сөйлеуге шамасы келмесе де, кеуіміз де көзбен қоштасқандай болдық. Қандай ауыр. Сол бетіммен ауруханада жатқан Жұматайға бардым. Мән-жайды түсіндіріп болған соң, «Клара апам күн санап жатыр, саған айтып ем ғой, «мен бақилық болғанда сен жоқтарсың» деп өтінгенін. Қанша қиналып жүрсе де, өзі



ХАЛҚЫ ҮШІН ҚАЛАМ ТЕРБЕГЕН

“

Жетпіс жылдан аса ғұмыр кешкен апай саналы өмірінде қазақтың талай зиялы тұлғаларымен жақын араласа жүріп, бес баласын тәрбиелеумен бірге қолынан қаламын тастамады. Оған сол жылдарда дүниеге келген «Ауылым – атамекенім», «Қиылған ғұмырлар», «Атақоныс ақиқаты», «Аза тұтар ардағымыз», «Атақоныс – аманат» атты еңбектері куә. Көзі тірісінде Атбасар қаласының құрметті азаматы атанды

аса құрметтейтін апасына арнап алты ауыз жоқтау-өлең жазып берді. Аяулы апамды ақырғы сапарға шығарарда осы жоқтауды бірнеше рет қайталап айтып шықтым, жиналғандар мені ең жақынының бірі санап, қаумалап алды.

Торғай облысы жабылған соң, Ақмолаға келгенбіз, Жүмесе де, кеуіміз де көзбен қоштасқандай болдық. Қандай ауыр. Сол бетіммен ауруханада жатқан Жұматайға бардым. Мән-жайды түсіндіріп болған соң, «Клара апам күн санап жатыр, саған айтып ем ғой, «мен бақилық болғанда сен жоқтарсың» деп өтінгенін. Қанша қиналып жүрсе де, өзі

басталып, өмірінің ақырына дейін үзілген емес. Апам қай тақырыпқа да жүйрік еді. Әсіресе, Атбасар өңірінің ежелгі тарихы, қазақы аттарын қайтару жөнінде үлкен хабарлар жасадық. Ол кісі өмірі ізденісте жүретін. Атбасардағы болыстардың аттары, қоныстанған жері, тұрғындарының саны, тіпті мал санын да дәл атаған ғой.

Апай өмір бойы ағартушылық қызметте болды. Мұғалімдігін мұражай қызметіне ауыстырып, Атбасардан тарихи өлкетану мұражайын құрды. Апайдың үйіне ылғи балаларды ертіп баратынмын. Ол кісінің торғының, үлпідеген бауырсағының дәмі балалардың таңдайында қалып қойған. «Ана Саят Түркиядағы оқуын менің бауырсағымды жеп жүріп бітірді» деп күлетін. Ұшақпен ұшқан студенттердің дәмін талай бала татқанды. Кондитерлік кәсіпті Айнұр осы апамның тортын пісіріп ашқан болатын. Сол кісінің тәсілімен пісірілген «Черепашка от Клары» бүгінде көпшіліктің сүйсініп жейтін тәттісіне айналған. Күн сайын аты аталып, апамның аруағы аунап түсіп жатқан шығар, рухы шаттансын, – деді Әмина Міржүсіпова.

Атбасардағы өлкетану мұнажайының директоры Анар Ильясова болса жұмыстан қол үзбей жүріп, Клара Әмірқызы Көкшетау педагогикалық училищесін тәмамдағаннан кейін өзі оқыған орта мектепте он жеті жыл табан аудармастан ұстаздық еткенін, 1963 жылы осы қаладағы №2 кітапханаңның негізін қалап, кейін оның жанынан өлкетану мүйісін ашқанын айтты.

– Тың және тыңайған жерлерді игеру саясатымен елге жер-жерлерден жиналған өзге ұлт өкілдері басым болған, ауылдардағы қазақ мектептері жабылып, көптеген елді мекеннің көне атауларының

орнына жаңа атаулар қойылған сол тұста ұлттық кітапхана мен ұлттық музей ашу оңай бола қойған жоқ. Ол кезде қазіргідей машина көп емес. Жаяулап-жалпылап талайдың есігін тоздырды. Бұл жолда кездескен қиындықтарды өзінің қанында бар ұлтжандылық қасиетінің арқасында жеңе жүріп, туған өлкесі жайында дерек іздеп, архив қопарып, үлкендерден шежіре шертіп, көне мазарларды аралап, дамылсыз еңбек етті. Төккен тері зая кетпеді. Атбасар қаласының орталығынан тарихи-өлкетану мұражайын ашты. Одан соң әйгілі жазушы, осы маңда дүниеге келген Лияс Есенберлиннің мұражайының бой көтеруіне атсалысып, атбасарлықтар үшін, жалпы Ақмола облысы үшін мол мұра қалдырды. Ата-бабаларымыз «Артында бар оңалар» деп текке айтпаған ғой. Сіздердей перзент қалдырған Клара апамыз, Клара апамыздай анасы болған сіздер бақыттысыздар, – деді музей директоры.

Одан кейін сөз алған ұстаздар Бикен Қапашева, Алха Сысыкова ол тұста қазақтың ұлттық киімін көшеде киіп жүруге екінің бірінің жүрегі дауаламайтынын, ал Клара Әмірқызы көпшіліктің есінде сол қарапайым қазақы киім үлгісімен де қалғанын, басынан аппақ бөртпе шәлісі мен иығынан оюлы камзолы түспейтінін, осылайша, ол қазақтың ұлттық киімі тек қазаққа ғана

жарасатынын және тіл ұлттың ішкі жан дүниесін көрсетсе, ұлттық киім сол халықтың сыртқы болмысын айқындайтынын күнделікті өмірде ісімен көрсетіп кеткенін тебірене жеткізді. Туысқандары Серік Тиесов, Майраш Молдахметова, Ақмоладағы алғашқы қазақ музыка мектебінің директоры болған белгілі ұстаз-зейнеткер, Білім беру ісінің үздігі Оспан Сүлейменов және қыздары Гүлнар, Әскен Махановалар апаның қазаққа ғана тән қонақжайлылығын, ғұмырының соңғы жылдары сол кездегі Ақмола, қазіргі Астана қаласының қазақыландуына, ұмытыла бастаған салт-дәстүрлеріміздің қайта жаңғыруына барынша үлесін қосқанын, тіпті сонау бір жылдары еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» ұжымы Алматыдан Ақмолаға қоныс аударғанда алғашқылардың бірі болып келген әріптестерімізді алдарынан шығып күтіп алып, қазақы жөн-жобамен шашуын шашып, ерулік беріп, ерекше ілтипат көрсеткенін айтты.

Жетпіс жылдан аса ғұмыр кешкен апай саналы өмірінде қазақтың талай зиялы тұлғаларымен жақын араласа жүріп, бес баласын тәрбиелеумен бірге қолынан қаламын тастамады. Оған сол жылдарда дүниеге келген «Ауылым – атамекенім», «Қиылған ғұмырлар», «Атақоныс ақиқаты», «Аза тұтар ардағымыз», «Атақоныс – аманат» атты еңбектері куә. Көзі тірісінде Атбасар қаласының құрметті азаматы атанды. Өмірден өткеннен кейін сол қаланың көрнекті жерінен Клара Әмірқызына көше берілді. Ал Астанада ол кісінің атында көше де жоқ, тым болмаса алдағы уақытта елордадағы өзі тұрған үйдің бұрышына бір ескерткіш-тақта орнатылса, халқы үшін қалам тербеп, ұлт болашағы жолында тер төккен жанның рухы шат болар ма еді.

БАСПАНА АЛУДЫҢ ОҢАЙ ЖОЛЫ БАР МА?

Қазіргі таңда Қазақстан азаматтары үшін жеке баспаналы болу – ең өзекті әрі күрделі әлеуметтік мәселе. Тұрғын үй – адамның басты конституциялық құқығы. Бұл – Ата Заңда айқын жазылған талап. Алайда іс жүзінде бұл құқықты жүзеге асыру қиынға соғып отыр.

Мәселен, шамамен 30 миллион теңге тұратын автокөлікті сатып алу әлдеқайда жеңіл:

- Жылдық мөлшерлемесі – 6%;
- Бастапқы жарна таллап етілмейді;
- Құжат рәсімдеу онлайн, жылдам.

Ал дәл осы сомаға баспана алғысы келген азамат:

- Кемі 30% бастапқы жарна төлеуге мәжбүр;
- 18-20% көлеміндегі жоғары пайызбен келісуге тиіс;

• Күрделі құжат жинау процесінен өтіп, соңында ипотека бермей қалуы мүмкін. Мемлекеттік саясаттың тұтынушылықты (көлік алуды) қолдап, тұрақты өмір сүруге мүмкіндік беретін тұрғын үй мәселесін екінші кезекке ысырып қойғаны алаңдатады. Осыған байланысты келесі ұсыныстарды қарастыруды ұраймыз:

1. «Жалдаудан сатып алуға» (Rent-to-Buy) жүйесі.

Көп адам үй алғысы келеді, бірақ басты кедергі – бастапқы жарна. Пәтер жалдап жүрген азаматтардың жалдау ақысының бір бөлігі кейін сатып алатын үйінің алғашқы төлемі ретінде есептеледі. Мысалы, айына 200 мың теңге төлесе, соның 50 мың теңгесі алдағы уақытта үйді сатып алғанда алғашқы жарна ретінде саналады. Осылайша адам үш жыл ішінде үйге ақша жинап қана қоймай, төлем қабілетін де дәлелдеп үлгереді. Бұл жүйе біздегі жастарға, жалғызбасты аналарға, әлеуметтік осал азаматтарға өте қолайлы болар еді.

Бұл тәсілді енгізу – үй алуға дайын емес, бірақ ниеті бар азаматтар үшін үлкен мүмкіндік болар еді.

2. Цифрлық «жылдам ипотека» жүйесі.

Мемлекеттік органдар мен банктер арасында дерек алмасуды біріктіріп, онлайн рәсімдеу жүйесін енгізу. Қазіргі автонесиелеу жүйесіндегідей, тұрғын үйді де онлайн түрде, жедел әрі бюрократиясыз рәсімдеуге мүмкіндік беретін механизм қалыптастыру.

3. Тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру үшін қаржыландыру тетіктерін жаңғырту: Тек «Отбасы банкпен» шектелмей, басқа банктерге де тұрғын үй жинақ жүйесіне қатысуға мүмкіндік беру қажет. Сондай-ақ ипотекалық несиелеуге зейнетақы қорын (ЕНПФ) тарту арқылы ұзақ мерзімді қаржыландыру нарығын қалыптастырып, пайыздық мөлшерлемені төмендету керек. Бұл – бәсекелі орта құруға, халықтың таңдауын кеңейтуге және несиенің қолжетімді болуына жол ашпақ.

4. Мемлекеттік қолдауды әділетті әрі тиімді бағыттау: Мемлекеттік бағдарламалардың мәнінде баспанасыз жүрген азаматтарға арналуы тиіс. Сондықтан субсидиялар тек алғашқы тұрғын үй алуға бағытталып, екінші нарықтағы немесе инвестициялық мақсаттағы сатып алулардан шеттетілуі қажет. Сонымен қатар, тұрғын үй саясаты өңірлік даму бағдарламаларымен тығыз байланыста іске асуы тиіс – бұл миграциялық тепе-теңдікті реттеп, аймақтарды жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Бұл ұсыныстардың барлығы тікелей бюджет шығынының, қолжетімді үй санын арттыруға жол ашады. Қазіргі «тек ипотека» моделінен альтернативті жолдар ұсынады. Қорытындылай келе, жеке тұрғын үй – азаматтың тұрмыстық қауіпсіздігін, отбасылық тұрақтылығын және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін басты тірек.

Қазақ үшін Тұрғын үй – жай баспана емес. Бұл – азаматтың ар-намысы, отбасылық тұрақтылығы, баласының болашағы. Халық өмірін баспана үшін күреске емес, сол баспанада баянды өмір сүруге арналуы керек. Сондықтан мемлекеттік саясат тұтынушылық емес, тұрақты өмір сапасына басымдық беруі қажет деп есептейміз.

Ерболат САТЫБАЛДИН, Мәжіліс депутаты





1917 жылы Ташкент облысы Жоғарышыршық ауданының ІІІ Интернационал колхозында дүниеге келген Ө.Байбосынов еңбекке ерте араласып, колхозда қойма меңгерушісі болып жұмыс істейді. Бірақ тағдыр оны қарапайым еңбек жолынан қан майданға бастап әкетеді. 1938 жылы Фин соғысына қатысып, артиллериялық полктің құрамында алғашқы жауынгерлік тәжірибесін жинайды. Бұл оның ерлік жолын бастауы ғана еді.

1942 жылы фашистік Германияға қарсы соғыс өрті өршіген тұста, Өтелбай 320-Гаубицалық артиллериялық полктің құрамында қайта майданға аттанады. Қан кешкен шайқастарда ол көзсіз ерлік пен рух биігін көрсетеді. Ол жүріп өткен жерлер – Будапешт, Запорожье, Секешфехервар, Веспрем сынды қалалар – бүгінгі бейбіт өмірдің тарихи куәгерлері. Дунай мен Свирь өзендерін кесіп өту операцияларында көрсеткен батырлығы жауынгер рухының биіктігін танытты.

1944 жылы ішінен ауыр жараланып, госпитальға түссе де, ол майданнан шет қалмай, ел үшін шайқасын жалғастырады. Ол ерен ерлігі үшін екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен, сондай-ақ «Даңқ», «Ерлік үшін», «Будапешт қаласын азат еткені үшін», «Фашистік Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. 1946 жылы елге оралған Өтелбай Байбосынов бейбіт өмірде де күрескер бола білді. Ол ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып, туған топырағында адал еңбек етті. Қолына күрек ұстаған мен, жүрегінде елге деген үлкен махаббат сақталды. Оның соғыста да, бейбіт өмірде де ұстанымы бір – елге қызмет ету болды.

Өтелбай Байбосыновтың өмір жолы – ұлттың рухын

ТӨСІНДЕ – ҚОС «ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ»

Уақыттың өз үні, тарихтың өз тағылымы бар. Бүгінгі азат таң, бейбіт аспан мен шуақты күн – көкірегі кекпен керілген жауынгерлердің жанқияр ерлігімен келген қасиетті мұрат. Ұлы Жеңістің 80 жылдығында біз өткенге тағзым етіп, сол ұлы ерліктің бастау көзін қайта парақтаймыз. Өйткені халықтың болмысын, ұлттың намысын жауынгерлер майдан даласында қорғады. Сол ерлердің бірі – ар-намысты ту еткен, ажалмен арпалысқан, ерлігімен ел есінде мәңгі сақталған Өтелбай Байбосынов.

биіктеткен, ұрпаққа ұлағат болған тағдыр. Ол – тек бір адамның ғана емес, бүтін бір дәуірдің бейнесін бойына сыйдырған тұлға. Өтелбайдың ерлігі – ұрпақтың жадында, халықтың жүрегінде сақталған аманат. Ол соғыс даласында ғана емес, жүрегінде де шайырлығы жауынгер рухының биіктігін танытты.

ұрпақ үшін жанын шүберекке түйді. Оның әрбір ерлігі тарих беттерінде алтын әріппен жазылды. Ерлік – мәңгілік, ол ұмытылмайды. Ө.Байбосыновтың есімі – ұлттың абыройы, елдің шежіресі.

Өтелбай Байбосынов сынды ерлер – бүгінгі бейбіт өмірдің ескерткіштері. Олар

жанымен соғысты, жүрегімен күресті. Біз олардың ерлігін естен шығармай, мәңгілік жадымызда жаңғыртуға міндеттіміз. Өйткені ұлттың болашағы – өткеннің өнегесінде. Ө.Байбосынов сынды батырлардың есімі тарих бетінде алтын әріппен жазылып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа



Ол ерен ерлігі үшін екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен, сондай-ақ «Даңқ», «Ерлік үшін», «Будапешт қаласын азат еткені үшін», «Фашистік Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. 1946 жылы елге оралған Өтелбай Байбосынов бейбіт өмірде де күрескер бола білді

жалғасады. Өтелбайдың ерлігі бізге тек соғыс кезеңінің сұмдықтарын еске салмайды, ол сонымен қатар патриотизм, ерлік, елге қызмет ету деген ұғымдарды қайта жаңғыртып, келер ұрпаққа маңызды сабақ

береді. Ерліктің өзі – жүректегі қайсарлық пен елге деген шексіз махаббаттың көрінісі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қантөгіс пен қасіреттің, қайғы мен күйзелістің ортасында шыңдалған жауынгерлердің жанқияр ерлігі мен жанның еркіндігі үшін күресі қазіргі бейбіт өміріміздің тірегі. Өтелбай Байбосынов секілді батырлардың тағдыры – тек бір ұрпақтың ғана емес, тұтас халықтың ерлік жолы. Бүгінде біз бейбіт заманда өмір сүріп отырмыз. Бірақ осы тыныштықтың құны мен шынайы бағасын білуіміз қажет. Ол – қасіретке толы шайқастарда өлген ерлердің, ажалмен алысып, жер мен елді қорғаған батырлардың арқасында келген құнды сый. Өтелбай Байбосынов пен оның қатарлас батырлары – біз үшін ғана емес, ұрпақтар үшін өмір бойы үлгі болатын тұлғалар.

Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек өткеннің ерлігін еске алу ғана емес, бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, патриоттық рухты нығайту. Біздің міндетіміз – батырлардың ерлігін ұмытпай, олардың өнегесіне адал болу, солардың салып кеткен даңғыл жолымен жүріп, еліміздің болашағы үшін еңбек ету. Ерлік ешқашан өлмейді, ол тек ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Өтелбай Байбосынов сияқты тұлғалар бізге ерліктің өлмейтінін, Отанға деген сүйіспеншіліктің шексіздігін және ұлттың тәуелсіздігі үшін күресудің ең маңызды мұрат екенін көрсетіп кеткен. Олардың рухы – мәңгілік, ерлігі – ұрпаққа аманат. Бұл Жеңістің 80 жылдығы – сол ерлердің ұрпағына айқын жол, жарқын болашақтың белгісі.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, журналист

МИНОМЕТШІ-МАЙДАНГЕР

Әрбір елдің тарихы оның ұлы тұлғалары арқылы өлшенеді. Соның ішінде өткен ғасырдың ауыр кезеңі, биыл Жеңістің 80 жылдық мерейтойы тойланған Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде туған ел үшін от пен оқтың арасында жүрген майдангерлердің есімі ел жадында алтын әріппен жазылуға тиіс. Себебі бейбіт күннің әр сәті – олар төккен қан мен тартқан азап өтеуі.

Тағдырдың небір тауқыметін көріп, халқының жадында мәңгіге сақталған, соғыс және еңбек ардагері Таубаш Тілеубаев. Ұлт пен ұрпақ үшін тер төгіп, еңбегімен ел есінде қалған азамат 1924 жылдың қыркүйек айында Қызылордаға қарасты Арал ауданы Ақирек ауылында өмірге келген. Балалық шағынан-ақ еңбекке ерте араласқан ол Құмбазардағы жеті жылдық мектепті тәмамдаған соң Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге бел буып, небәрі 18 жасында майданға аттанған. Бұл соғыс өрті күшейген 1942 жыл болатын.

Кейіпкеріміз 100-атқыштар полкінің құрамында минометші болып, жауға қарсы алғы шепте шайқасады. Минометші – майдандағы ең қауіпті әрі шешуші жауынгердің бірі. Ажалмен бетпе-бет келген сәттерде ол Отан үшін от кешіп, ерлік пен батылдықтың жарқын үлгісін көрсетеді. Алайда 1943 жылы ауыр жарақат алып, елге оралады. Бірақ бұл жара оның рухын сындыра алған жоқ. Керісінше, ол үшін қоғамға адал қызмет етудің жаңа кезеңі басталды. Тұралаған халық шаруашылығын қалпына келтіруге білек сыбана кіріседі. Елге оралысымен қатардағы жұмысшыдан аудандық деңгейдегі жауапты қызметтерге дейінгі жолдан өтеді.

Таубаш аға тек еңбекке адалдығымен емес, білімге деген құштарлығымен де өзгелерге үлгі бола білді. 1955 жылы Қызылорда ауылшаруашылық техникумын, 1960 жылы Саратов ауылшаруашылық институтын тәмамдап, инженер-механик мамандығын алып шығады. Білімін өндіріспен ұштастырып, сол жылы Қарақұм кеңшарында бас инженер болып тағайындалады. 1964-1976 жылдары Арал қаласындағы «Водоканал» мекемесінде бас инженер әрі сол мекеменің басшысы қызметтерін абыроймен атқарады. 1989 жылы зейнетке шыққанға дейін Қызылорда ауыл шаруашылығын



Кейіпкеріміз 100-атқыштар полкінің құрамында минометші болып, жауға қарсы алғы шепте шайқасады. Минометші – майдандағы ең қауіпті әрі шешуші жауынгердің бірі. Ажалмен бетпе-бет келген сәттерде ол Отан үшін от кешіп, ерлік пен батыллықтың жарқын үлгісін көрсетеді

суландыру жүйесінің аудандық бөлімшесін басқарды. Осы қызметтерде жүріп, елдің ең күрделі кезеңдерінде халықтың су, техника, ауыл шаруашылығы салаларындағы негізгі мәселелерін шешуге атсалысты. Инженерлік саладағы жаңалықтары арқылы да ел игілігіне үлкен үлес қосты. 1974 жылы 5000 м³ резервуарды тазарту жобасын оңтайландырып, 27 мың сомнан астам экономикалық үнемге қол жеткізеді. Бұл үшін 694 сом көлеміндегі сыйақыға ие болып, өз ісінің шебері, жаңашыл маман екенін тағы бір дәлелдейді.

Жеңіс жолындағы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. «Отан соғысының ІІ дәрежелі орденімен», сондай-ақ Жеңістің 20, 30, 40, 50, 60, 70 жылдық мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Кеңес Одағының маршалы А.Гречконың алғыс хатын иеленді. 1976 жылы «Тоғызыншы бесжылдықтың жеңімпазы» төсбелгісін алды.

Гүлмарал САҚТАПОВА, журналист





ӘР АЛУАН ӘУЕН ӘУЕЛЕДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония елордалықтарға арнап бірнеше концерт ұсынды.

ДӘРІГЕРДІҢ КОНЦЕРТІ

Мамандығы дәрігер Серік Тоқпановтың концерті «Өткен ғасырдың ретро әндері» атауымен өтті. Кештің басты мақсаты – XX ғасырда кең таралған, халық жадында сақталған қазақ және орыс әндерін тыңдарманға жаңаша орындауда ұсыну. Бұл музыкалық кеште әр буынның жүрегіне жақын лирикалық шығармалар мен танымал эстрадалық туындылар орындалды. Атап айтқанда, Сейдолла Бәйтерек, Арно Бабаджанян, Ескендір Хасанғалиев, Александр Пахмутова, Оскар Фельцман, Фрэнк Синатра сынды белгілі композиторлардың туындылары мен танымал әншілердің репертуарындағы шығармалар шырқалды. Соның ішінде «Дос туралы жыр», «Өмір-өмір», «Есіңе ал», «Махаббат тарихы», «Тілек тіле», «Ноктюрн», «Менің жолым» және тағы басқа туындылар бар. Іс-шараға симфониялық оркестр қатысты (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдин, бас дирижері – «Дарын» мемлекеттік

жастар сыйлығының иегері Қалқаман Дүйсембаев). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Қанат Ахметов және халықаралық байқаулардың лауреаты Зарина Божаква кештің арнайы қонақтары болды.

КОМПОЗИТОРДЫҢ КЕШІ

Белгілі композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Балнұр Қыдырбектің 70 жас мерейтойына арналған шығармашылық кеші «Өмір – өнер мейрамы» деп аталды. 500-ден астам шығарма тудырған композитор балаларға арналған әндерден бастап симфонияларға дейін жазды. Концерт барысында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі мен симфониялық оркестрі, халықаралық байқаулардың лауреаттары мен белгілі өнерпаздар «Бөрілі менің байрағым», «Қырғызкүй», «Қалдыбек бақсы», «Қалқаман ариясы» сынды шығармаларды орындады. Түрікменстанның еңбек сіңірген қайраткері Ровшен Непесов, Ресей компо-

зиторлар одағының төрағасы Рашид Калимуллин, Қырғызстан халық әртісі Мұратбек Бегалиев және Түркияның Измир мемлекеттік консерваториясының ректоры Өзге Гүлбей сынды шетелдік қонақтар шақырылды. Кеш барысында композиторға ақын Тілеуғазы Бейсембектің арнау өлеңі мен көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиевтің жыр жолдары оқылып, композитордың немерелері «Би билейік бәріміз» әнін шырқады. Кеш Балнұр Қыдырбектің КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиевке арналған «Ұлы ұстазға тағзым» шығармасымен түйінделді.

ТАНЫМАЛ ТУЫНДЫЛАР ШЕРУІ

Ал Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Қ.Жұмакенов атындағы үрлемелі оркестрі «Gelato Con Caffè» концерттік бағдарламасын ұсынды. Концертте әйгілі неаполитан әндері, итальян эстрадасының танымал хиттері, сондай-ақ Эннио Морриконе мен Нино Рота сияқты итальян композиторларының кинотуындылары орындалды. Баршаға таныс әуендер филармонияның солистері мен үрлемелі оркестрінің орындауында жаңа қырынан көрініс тапты. Кеш барысында «Ricchi e Poveri» тобының репертуарындағы атақты «Mamma Maria», Дарио Фаринаның «Felicita», Тото Кутуньоның «Amore No» және «L'Italiano», Боб Мерриллдың танымал «Mambo Italiano», Энрико Карузоға арналған Лучо Далланың «Карузо» әндері шырқалды. Итальян әндерін Алтынбек Арыстанбек, Ринат Нұрмұхан, Әкімхан Маженов, Ақбота Құснадин, Алтыншаш Мұқатаева, Парасат Отан, Қымбат Жамбылбек, Өнел Смайылова, Мұратбек Хайролда, Айдын Жұмабай, Нұрсәт Алмас, Дәурен Төлеубаев, Хамит Отарбаев, Бибігүл Жанұзақ орындады. Эннио Морриконенің «Миссия» фильміндегі «Габриэльдің гобойы» және «Cinema Paradiso» туындыларын Сая Жақсылыққызы айтса, Нино Ротаның «Өкіл әке» фильмінің саундтрегі шырқалды.



GRAND FEST: КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА КЕШІ

22 маусым

20:00

Амфитеатр, Есіл өзенінің жағасы



«ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

25 маусым

20:00

Амфитеатр, Есіл өзенінің жағасы

ӘН МЕН БИ ҮЙЛЕСІМІ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы «Grand fest» музыкалық фестивалі аясында «Saz & Soul» тобы мен аңызға айналған «Гүлдер» ансамблінің бірлескен концертін ұсынды.

Көрермендер ұлттық және заманауи музыканың үйлесімін тамашалап, сүйікті әндерді бірге айтып, ерекше көңіл күйге бөленді. Концерт бағдарламасында әлемдік танымал хиттер мен қазақстандық композиторлардың туындылары шырқалды. Сонымен қатар ұлттық нақыш пен заманауи әуенге толы авторлық вокалдық, аспаптық және хореографиялық қойылымдар көрсетілді. Іс-шараға

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсім Мырзабекова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Әлібек Әлмәдиев, Әділхан Макин, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Анна Уварова, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Дидар Әбдіхалық, Қуандық Шалқарұлы, Ақбөпе Әлібекова, Меруерт Бақыт, Нұрмұхамбет Сәтен қатысты.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«ЭКО-ДӘСТҮР» АЛАҢЫ

Астанадағы Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназия жанындағы жазғы мектеп лагерінде этномәдени-экологиялық бағыттағы «Эко-дәстүр» алаңы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды этномәдени құндылықтар мен ұлттық дәстүрлерге баулу, патриоттық тәрбие беру, экологиялық сананы қалыптастыру.



«Жас ерекшелігі мен тақырыптық бағытқа байланысты 5 түрлі лагерь ұйымдастырылған. Біз балаларды ұлттық құндылықтармен, салт-дәстүрмен, мәдениетпен таныстырып жатырмыз. Мұнда «Атамекен» атты этно-киіз үй тігілген. Балалар дәстүрлі қазақ киімін киіп, ұлттық ойындар бойынша жарыс, музыкалық қойылым мен би сайысын өткізіп жатыр. Екінші

бағытымыз – экология. Гимназиямыз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсене қатысады. Оқушылар мектеп аумағын тазарту, көгалдандыру жұмысымен айналысады. Бізде жылыжай да бар, онда оқушылар жыл бойы өздері көкөніс өсіреді» деді №67 гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнәр Оңалбаева.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 71
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА